

"Қазақстан Республикасында уақытша болатын шетелдіктерге жеке сәйкестендіру нөмірлерін қалыптастыру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 27 наурыздағы № 258 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2023 жылғы 8 ақпандағы № 146 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 10 ақпанда № 31885 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасында уақытша болатын шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға жеке сәйкестендіру нөмірін қалыптастыру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 27 наурыздағы № 258 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20201 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасында уақытша болатын шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға жеке сәйкестендіру нөмірін қалыптастыру және түзету" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Қазақстан Республикасында уақытша болатын шетелдіктерге жеке сәйкестендіру нөмірлерін қалыптастыру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларында:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасында уақытша болатын шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға жеке сәйкестендіру нөмірін қалыптастыру және түзету" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы "Қазақстан Республикасына уақытша келетін шетелдіктерге жеке сәйкестендіру нөмірін қалыптастыру және түзету" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1) тармақшасына (бұдан әрі - Заң) сәйкес әзірленді және "Қазақстан Республикасына уақытша келетін шетелдіктерге жеке сәйкестендіру нөмірлерін қалыптастыру және түзету" мемлекеттік қызмет көрсету (бұдан әрі - көрсетілетін мемлекеттік қызмет) тәртібін айқындайды;

Мемлекеттік қызмет көрсетуді аумақтық полиция органдары "Азаматтарға арналған үкімет" "Мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамдары немесе "электрондық үкімет" веб - порталы арқылы жүзеге асырады.

Көші-қон саласындағы уәкілетті орган осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясына, "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына және Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығына тиісті нормативтік құқықтық актіні әділет органдарында мемлекеттік тіркегеннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде жолдайды;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) әкімшілік рәсім (мемлекеттік қызмет көрсету рәсімі) - әкімшілік органның, лауазымды адамның әкімшілік істі қарау, ол бойынша шешімді қабылдау және орындау жөніндегі өтініш жолданым негізінде немесе өз бастамасы бойынша жасалатын қызметі, сондай-ақ оңайлатылған әкімшілік рәсім тәртібімен жүзеге асырылатын қызмет;

2) арыз иесі (көрсетілетін қызметті алушы) - әкімшілік рәсімді жүзеге асыру үшін әкімшілік органға, лауазымды адамға өтініш берген адам, сондай-ақ оған қатысты әкімшілік акт қабылданатын, әкімшілік әрекет жасалатын (әрекетсіздік танылатын) адам (әкімшілік актінің адресаты);

3) әкімшілік акті (мемлекеттік қызметкөрсету нәтижесі) - жария-құқықтық қатынастарда әкімшілік орган, лауазымды адам қабылдайтын, белгілі бір адамның немесе жеке-дара айқындалған адамдар тобының Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген құқықтары мен міндеттерін іске асыратын шешім;

4) әкімшілік орган (көрсетілетін қызметті беруші) – Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әкімшілік актіні қабылдау, әкімшілік әрекет жасау (әрекетсіздік таныту) жөнінде өкілеттіктер берілген мемлекеттік орган, жергілікті өзін-өзі басқару органы, мемлекеттік заңды тұлға, сондай-ақ өзге ұйым;

5) Бірыңғай байланыс орталығы – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған, көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік және өзге де қызметтер көрсету мәселелері бойынша ақпарат, сондай-ақ мемлекеттік органдарға ақпараттық-коммуникациялық қызметтер көрсету мәселелері бойынша ақпарат беру жөніндегі ақпараттық-анықтамалық қызмет функцияларын орындайтын заңды тұлға;

6) жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі - ЖСН) - жеке тұлғаға бір рет және өмір бойы берілетін он екі таңбалы цифрлық код;

7) тіркеу куәлігі - берілген жеке сәйкестендіру нөмірінің болуын растайтын, қағаз тасымалдағыштағы құжат немесе электрондық құжат;

8) Ішкі істер министірлігінің операторы – Ішкі істер министрлігінің "Ақпараттық-өндірістік орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының қызметкері.";

9) "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторы (бұдан әрі - АКИ операторы) – берілген "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының оған жұмысын істеуі қамтамасыз ету міндеті жүктелген, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын заңды тұлға.

10) Көші-қон полициясының ақпараттық жүйесі (бұдан әрі - КҚП АЖ) - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Көші-қон қызметі комитетінің ведомстволық ақпараттық жүйесі;

11) халыққа қызмет көрсету орталықтарының біріктірілген ақпараттық жүйесі (бұдан әрі - ХҚКО БАЖ) - Қазақстан Республикасының Халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы халыққа (жеке және заңды тұлғаларға) қызмет көрсету процесін автоматтандыруға арналған ақпараттық жүйе;

12) "электрондық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы, (бұдан әрі - портал) - нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, барлық шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне және электрондық нысанда көрсетілетін квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қолжетімділіктің бірыңғай терезесін білдіретін ақпараттық жүйе.

13) құжаттың электрондық көшірмесі - электрондық цифрлық нысанда түпнұсқа құжаттың түрі мен ақпаратын (деректер) толық бейнелейтін құжат;

14) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі - ЭЦҚ) - электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың шынайылығын, оның тиесілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық символдар жиынтығы;

15) цифрлық құжаттар сервисі – операторға бекітілген және электрондық нысанда мемлекеттік қызметтерді және өзге де қызметтерді іске асыру мақсатында электрондық құжаттар мен құжаттардың электрондық көшірмелерін жасауға, сақтауға және пайдалануға арналған "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының объектісі.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. ЖСН қалыптастыру үшін жеке тұлға (немесе оның заңды өкілі) көрсетілетін қызмет берушіге, келген жері бойынша Мемлекеттік корпорация немесе портал арқылы осы қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қоса бере отырып, өтініш беру жолымен жүгінеді.

Қазақстан Республикасы сотының үкімі бойынша бас бостандығынан айыруға сотталған шетелдіктерін, азаматтығы жоқ адамдардың және реттелмеген мәртебесі бар адамдардың жеке басын куәландыратын құжаттары болмаған кезде мемлекеттік

қызметті алу үшін негіздеме осы қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес өтініш болып табылады.

ЖСН-ды түзету үшін жеке тұлға (немесе оның заңды өкілі) көрсетілетін қызметті берушіге, келген жері бойынша Мемлекеттік корпорация арқылы осы қағидаларға 2-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қоса бере отырып, өтініш беру жолымен жүгінеді.

"Қазақстан Республикасына уақытша келетін шетелдіктерге жеке сәйкестендіру нөмірін қалыптастыру және түзету" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын, оның ішінде процестің сипаттамасын, нысанын, мазмұнын және қызмет көрсету нәтижесін қамтитын негізгі талаптардың тізбесі, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсетудің ерекшелігі ескеріле отырып, өзге де мәліметтер осы қағидаларға 3-қосымшада жазылған.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"ХҚКО БАЖ-дан және порталдан ЖСН қалыптастыруға және түзетуге өтінімдер КҚП АЖ-ға орындауға келіп түседі.";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. ПМ операторы келіп түскен өтінімдердің дұрыстығын тексереді және өтінім дұрыс болған жағдайда ЖСН қалыптастыру не түзету рәсімін жүзеге асырады.";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Егер ЖСН қалыптастыруға немесе түзетуге арналған өтінім ХҚКО БАЖ-дан келіп түскен жағдайда, КҚП АЖ ХҚКО БАЖ-ға қалыптастырылған не түзетілген ЖСН туралы мәліметтерді жібереді және Мемлекеттік корпорация операторы осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес тіркеу куәлігін басып шығарады.";

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуға негіз болып табылады:

1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) шынайы еместігінің анықталуы;

2) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметтер көрсету үшін қажетті деректер мен мәліметтердің осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келмеуі;

3) көрсетілетін қызметті алушыда бұрын тіркелген ЖСН анықталған жағдайда (ЖСН түзету жағдайларын қоспағанда).";

осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес 2-1-қосымшамен толықтырылсын;

3-қосымша осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жазылсын;

5-қосымша осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес жазылсын;

4-қосымшада оң жақ жоғары бұрыш мынадай редакцияда жазылсын;

"

мен азаматтығы жоқ адамдарға
жеке сәйкестендіру нөмірін
қалыптастыру және түзету
қағидаларына 4-қосымша
";

6-қосымшада оң жақ жоғары бұрыш мынадай редакцияда жазылсын;
"

Қазақстан Республикасында
уақытша болатын шетелдіктер
мен азаматтығы жоқ адамдарға
жеке сәйкестендіру нөмірін
қалыптастыру және түзету
қағидаларына 6-қосымша
";

7-қосымшада оң жақ жоғары бұрыш мынадай редакцияда жазылсын:
"

Қазақстан Республикасында
уақытша болатын шетелдіктер
мен азаматтығы жоқ адамдарға
жеке сәйкестендіру нөмірін
қалыптастыру және түзету
қағидаларына 7-қосымша
".

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Көші-қон қызметі комитеті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің жетекшілік ететін орынбасарына және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Көші-қон қызметі комитетінің төрағасына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі

М. Ахметжанов

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасы

Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі

2023 жылғы 8 ақпандағы
№ 146 бұйрығына
1-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
20__ жылғы __ наурыздағы
№ __ бұйрығына
1-қосымша
"Қазақстан Республикасында
уақытша болатын шетелдіктер
мен азаматтығы жоқ адамдарға
жеке сәйкестендіру нөмірін
қалыптастыру және түзету"
қағидаларына 2-1-қосымша
кімге _____
(лауазымы, тегі және аты-жөні)
азаматы (-
шасы) _____
(қай мемлекеттің)
кімнен _____
(Т.А.Ә. (болған кезде)

Өтініш

Ұлттық тізілімдерде _____

—

(Т.А.Ә. (болған кезде), туған күні, ЖСН)

айқындамалық деректеріне төменде көрсетілген параметрлерге сәйкес түзету жүргізуді сұраймын:

№	Параметрлер	ІІМ деректер базасындағы ағымдағы мәліметтер	Өзгерту
1	Тегі		
2	Аты		
3	Әкесінің аты		
4	Туған күні		
5	Туған жері		
6	Азаматтығы		
7	Жынысы		
8	Құжат нөмірі		
9	Құжат берілген күн		
10	Құжаттың жарамдылық мерзімі		
11	Құжатты берген ел		

*кестеде тек түзету қажет параметрлерді көрсету

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
20__ жылғы __ наурыздағы

№ _____ бұйрыққа

2-қосымша

"Қазақстан Республикасында
уақытша болатын шетелдіктер
мен азаматтығы жоқ адамдарға
жеке сәйкестендіру нөмірін
қалыптастыру және түзету
қағидаларына 3-қосымша

"Қазақстан Республикасына уақытша келетін шетелдіктерге жеке сәйкестендіру нөмірлерін қалыптастыру және түзету" мемлекеттік көрсетілетін қызметке қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасының аумақтық полиция органдары
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру: 1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация); 2) "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі - портал): www.egov.kz . арқылы жүзеге асырылады.
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	Қажетті құжаттар пакетін қызметті беруші Мемлекеттік корпорацияға немесе портал арқылы тапсырған күннен бастап - 1 (бір) жұмыс күні; Мемлекеттік корпорацияға құжаттар пакетін тапсыру үшін рұқсат етілетін барынша ұзақ күту уақыты - 15 (он бес) минут; Мемлекеттік корпорацияда қызмет көрсетудің рұқсат етілетін барынша ұзақ уақыты - 20 (жиырма) минут;
4	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Электронды (толық автоматтандырылған)/ қағаз түрінде.
5	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	Тіркеу куәлігін беру не мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту. Порталға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі жіберіледі және электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының " жеке кабинетіне" сақталады

6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға тегін көрсетіледі.
7	Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі	1) көрсетілетін қызметті беруші - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа (сенбі, жексенбі) дүйсенбіден бастап жұма аралығында (сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі асқа үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін). Өтініштерді қабылдауды және мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижелерін беруді көрсетілетін қызметті беруші Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі асқа үзіліспен жүзеге асырады. Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз кезек тәртібімен көрсетіледі. 2) Мемлекеттік корпорацияның – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден жұмаға дейін (сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, кезекші бөлімшелер сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін) сенбіде сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін, түскі үзіліссіз. Мемлекеттік корпорацияда мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру "электрондық кезек тәртібінде", жеделдетіп қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады, электрондық кезекті портал арқылы броньдауға болады . 3) порталда - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және

		мереке күндері, жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушының өтініші кезінде, мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады). Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары: 1) Министрліктің интернет-ресурсында - www.mvd.gov.kz "Министрлік туралы" бөлімінде "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің құрылымдық бөліністерінің веб-ресурстары" бөлімшесінде; 2) Мемлекеттік корпорацияның интернет-ресурсында - www.gov4c.kz; 3) порталда - www.egov.kz орналасқан.
		1. Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге Мемлекеттік корпорация арқылы ЖСН қалыптастыруға жүгінген кезде: 1) осы қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш; 2) жеке басты куәландыратын құжат (егер өзге тәртіп Қазақстан Республикасының тиісті тараппен келісімімен немесе Қазақстан Республикасының Үкіметімен белгіленбесе жарамды шетелдік паспорт). Егер шетелдіктің жеке басты куәландыратын құжатта кириллицада немесе латынша нақтылау деректері (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), туған жері) болмаған жағдайда, құжаттың аудармасының тиісінше нотариалды куәландырылған көшірмесін қоса беру қажет; 3) көрсетілетін қызметті алушының өкілі жүгінген жағдайда нотариалды куәландырылған сенімхат. Портал арқылы жүгінген кезде: 1) көрсетілетін қызметті алушы өкілінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық сұрау салу;

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі

2) жеке басты куәландыратын құжаттың электрондық көшірмесі егер өзге тәртіп Қазақстан Республикасының тиісті тараппен келісімімен немесе Қазақстан Республикасының Үкіметімен белгіленбесе жарамды шетелдік паспорт). Егер шетелдіктің куәландыратын құжатта кириллицада немесе латынша нақтылау деректері (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), туған жері) болмаған жағдайда, құжаттың аудармасының тиісінше нотариалды куәландырылған көшірмесін қоса беру қажет;

3) көрсетілетін қызметті алушының өкілі жүгінген жағдайда нотариалды куәландырылған сенімхат;

4) анықтау деректерін ауыстыру туралы куәлік.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге Мемлекеттік корпорация арқылы ЖСН түзету жөніндегі жүгінген кезде:

1) осы қағидаларға 2-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

2) жеке басты куәландыратын құжат (егер өзге тәртіп Қазақстан Республикасының тиісті тараппен келісімімен немесе Қазақстан Республикасының Үкіметімен белгіленбесе жарамды шетелдік паспорт). Егер шетелдіктің жеке басты куәландыратын құжатта кириллицада немесе латынша нақтылау деректері (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), туған жері) болмаған жағдайда, құжаттың аудармасының тиісінше нотариалды куәландырылған көшірмесін қоса беру қажет;

3) орнату деректерін өзгерту туралы куәлік;

4) көрсетілетін қызметті алушының өкілі жүгінген жағдайда нотариалды куәландырылған сенімхат.

1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың

9	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) шынайы еместігін анықтау; 2) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметтер көрсету үшін қажетті деректер мен мәліметтердің осы қағидалар талаптарна сәйкес келмеуі; 3) көрсетілетін қызметті алушыда бұрын тіркелген ЖСН анықталған жағдайда (ЖСН түзету жағдайларын қоспағанда).
10	Мемлекеттік қызметтің, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін қызметтің ерекшеліктері ескеріле отырып, қойылатын өзге талаптар	Заңнамада белгіленген тәртіппен өзіне өзі қызмет көрсетуді, өз бетімен қозғалуды, бағдар алуды жүзеге асыру қабілетін немесе мүмкіндігін толық немесе ішінара жоғалтқан көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттарды қабылдауды көрсетілетін қызметті беруші немесе Мемлекеттік корпорация қызметкері 1414, 8 800 080 7777 бірыңғай байланыс орталығына жүгіну арқылы тұрғылықты жері бойынша шыға отырып, жүргізеді. Порталда мемлекеттік қызметті алу үшін ЭЦҚ болуы талап етіледі.

Қазақстан Республикасы

Ішкі істер министрінің

20__ жылғы __ наурыздағы

№ __бұйрыққа

3-қосымша

"Қазақстан Республикасында уақытша болатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға жеке сәйкестендіру нөмірін қалыптастыру және түзету қағидаларына 5-қосымша

(Т.А.Ә. (болған кезде),

(көрсетілетін қызметті алушының мекенжайы)

Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 19-бабын және 20-бабының 2-тармағын басшылыққа ала отырып, көрсетілетін қызметті беруші немесе Мемлекеттік корпорация (мекенжайы көрсетілсін) мемлекеттік көрсетілетін қызметке қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне сәйкес Сіздің құжаттардың толық топтамасын және (немесе) жарамдылық мерзімі өткен құжаттарды ұсынуыңызға байланысты "Қазақстан Республикасында уақытша болатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға жеке сәйкестендіру нөмірін қалыптастыру және түзету" мемлекеттік қызметін көрсетуге құжаттар қабылдаудан бас тартады.

Ұсынылмаған құжаттардың атауы:

- 1) _____;
- 2) _____;
- 3) _____

Осы қолхат 2 данада әрбір тарап үшін бір данадан жасалды.

Көрсетілетін қызметті берушінің Т.А.Ә. (болған кезде) _____ (қолы)

Орындаушы: Т.А.Ә (болған кезде) _____

Телефон _____

Алдым: көрсетілетін қызметті алушының қолы/Т.А.Ә (болған кезде)

20__ жылғы " __ " _____